

А.М. Жумагулова <sup>1</sup>, Н.К. Қуантаев <sup>2</sup>, Б. Ж. Каримова\* <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.  
e-mail:sultan-3@mail.ru.

## ЭПОС ТІЛІ – ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Мақалада әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, ұлттық дүниетанымның алтын қоры – фольклор, нақтырақ айтар болсақ, эпостық мұралар тілінің жастардың ұлттық санасының қалыптасуына ықпалы баяндалады. Фольклор өткеннің ғана дүниесі емес, ел тұрмысында бүгін де өмір сүріп жатқан шығармашылық. Фольклорлық мұралардың бірі – эпостық жырларды оқыту арқылы өскелең ұрпақтың тілдік санасының орнықты қалыптасуына әсер ету. Мұндай тілдік тетіктер қолданысы бүгінгі қоғамдағы балалар мен жастардың мінез-құлқындағы теріс әлеуметтік өзгерістердің алдын-алуға септігін тигізеді дегуге болады.

Бүгінде ақпараттың жеткізілуінің қарқынды дамыған кезеңінде адамның мүмкіндіктері бірден кеңейіп, соған сәйкес тұлғаны зерттеу мәселесіне деген қызығушылық айтарлықтай өсіп отырғаны байқалады. Осы ретте тіл бірліктерінің адам санасында берілуі мен қызмет ету механизмін білудің, оның ұлттық сипатын танудың маңыздылығы зор болмақ.

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – эпос тіліндегі «батыр бейнесі» арқылы өскелең ұрпақтың ұлттық санасының қалыптасуына ықпал ететін «Отанын сүю», «Отанын қорғау», «Ата-ана мен туған-туыстарды қадірлеу», «Адалдық» сынды негізгі ұстанымдарды қалыптастыру. Эпостық жырлар мәтіндеріндегі салт-дәстүр мен дала заңдары «ұлттық кодтың» қайталанбас үлгісі.

Зерттеудің нәтижесі ретінде тілдің табиғатын ұлт тарихымен, бай ауыз әдебиеті мұраларының бірі эпостық жырлармен байланыста қарастырудың қажеттілігін қазақ тіл білімінің де ұлттық танымға негізделген жаңа үрдісті зерттеулері көрсетіп отыр дегуге болады.

**Түйін сөздер:** Эпос тілі, фольклор, ұлттық сана, тілдік сана, архетип, ұстаным, жастар, ұлттық код, ұлы дала.

A.M.Zhumagulova<sup>1</sup>, N.K. Kuantaev<sup>2</sup>, B.Zh.Karimova\*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Shakarim university of Semey, Kazakhstan, Semey

<sup>2</sup>Kazakh National University named after Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan

\*e-mail: sultan-3@mail.ru.

### The language of the epos is the basis for the formation of the national consciousness of the youth

The article reveals the source of the national culture of all peoples of the world, the golden fund of historical memory, national worldview – folklore, particular, the influence of the language of the epic heritage on the formation of the national self – awareness of youth. Folklore is not only the world of the past, but also the art that lives in the country today. We can say that with the help of such linguistic mechanisms, it helps prevent negative social changes in the behavior of children and young people in modern society.

Today, in the period of intensive development of information delivery, human capabilities are immediately expanding, and accordingly, it is noticeable that the interest in the problem of personality research is growing significantly. At the same time, it will be very important to know the mechanism of transmission and functioning of language units in the human mind, to recognize its national character.

The result was in epic songs such as «Love for the Fatherland», «Defense of the Motherland», «Respect for family and friends», and other traditions and laws of the steppe.

As a result of the research, it can be said that the need to consider the nature of the language in connection with the history of the nation, epic songs, one of the rich oral literature heritages, is shown by the new researches of Kazakh linguistics based on national knowledge.

**Key words:** The language of the heroic epic, folklore, national consciousness, linguistic consciousness, archetype, attitude, youth, national code, the Great Steppe.

А.М. Жумагулова<sup>1</sup>, Н.К. Қуантаев<sup>2</sup>, Б. Ж. Каримова<sup>\*3</sup>

<sup>1</sup>Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г.Талдыкорган

\*e-mail: sultan-3@mail.ru.

### Язык эпоса – основа формирования национального самосознания молодежи

В статье раскрываются истоки национальной культуры всех народов мира, золотой фонд исторической памяти, национального мировоззрения – фольклор, в частности, влияние языка эпического наследия на формирование национального самосознания молодежи. Фольклор – это не только мир прошлого, но и искусство, которое живет и в настоящее время. Изучения эпических песен – одного из народных достояний оказывает существенное влияние на устойчивое формирование языкового сознания подрастающего поколения и способствует предотвращению негативных социальных изменений в поведении детей и молодежи в современном обществе.

Сегодня, в период активного развития информации, наблюдается мгновенное расширение возможностей человека и соответственно, значительно возрастает интерес к изучению языковой личности. При этом важно знать механизм передачи и функционирования языковых единиц в сознании человека, распознавать его национальный характер.

Целью данной статьи является формирование основных принципов «Любви к Родине», «Защиты Родины», Уважения к родным и близким», «Верность», способствующих формированию национального самосознания подрастающего поколения через «Образ героя» язык героического эпоса. Традиции и законы степи в текстах эпических песен являются уникальным образцом «национального кода».

В результате исследования необходимо рассмотреть природу языка в связи с историей нации, одним из богатейших наследий устной литературы и эпических песен.

**Ключевые слова:** Язык героического эпоса, фольклор, национальное сознание, языковое сознание, архетип, установка, молодежь, национальный код, великая степь.

### Кіріспе

Жер бетіндегі кез-келген халықтың өзіндік «өмір сүру бағдары» бары анық. Олардың дамуы материалдық мәдениетімен қатар рухани жағынан өркендеуінен, ұлттық құндылықтарды жоғары бағалауынан көрінеді. Сондай рухани құндылықтар қатарынан орын алатын фольклорлық мұралар көптеген елдерде сақталып, қолданысы жағынан түрленіп, жалғастық тауып келе жатқаны байқалады. Фольклор – өскелең ұрпақтың өзін-өзі тануында, өміршең болып қалыптасуында маңызды. Сондықтан қазақ фольклоры ұлттық дүниетанымға, мәдениаралық қарым-қатынастың жымдаса кірігуіне, халқымыздың ұлттық мәдениетін тануға ықпал ететін эмпирикалық материал ретінде қарастырылады.

Осы орайда, Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты баяндамасында «Халық ауыз әдебиетінің таңдамалы отандық үлгілерін жинақтай отырып, «Дала фольклорының жинағын» жасау қажеттігін атап өтті. Себебі, мыңжылдық дала жәдігерлері осы әңгімелер, аңыздар, қиссалар мен эпостарда деп атап көрсеткен болатын (Назарбаев, 2018:21:11).

Фольклорлық мұралардың бірі ретінде көптеген халықтардың бай ауыз әдебиеті қазы-

насында өзіндік орны бар эпостық жырларды ерекшелеп айтуға болады. Дәстүрлі халық эпосы – халықтың батырлық жырлары өзінің тәрбиелік, өміртанушылық, эстетикалық зор маңызын бүгінге дейін сақтап келе жатқан асыл мұра. Осындай асыл мұра эпостық жырларды өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолданудың маңыздылығы турасындағы ойлар тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Өйткені, сіз бен біз өмір сүріп отырған бүгінгі қоғамда балалар мен жастардың мінез-құлқындағы теріс әлеуметтік өзгерістер, отбасылық қарым-қатынастың жағымсыз тәжірибесі, жалпы алғанда экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерден туындаған қоғамдағы маңызыздық, күйзеліс пен негативтілік деңгейінің жоғарлауы, мейірімділік, жанашырлық, отбасы, достық, махаббат, ұлтжандылық сынды нағыз адами құндылықтар мағынасының бұрмалануы негізінен көп ретте балалардың өзіндік санасының дұрыс қалыптаспауымен байланысты болып отыр деген ойдамыз. Осы тұста қоғамдағы, жастар арасындағы мұндай келеңсіздіктердің алдын-алудың бір жолы ретінде фольклорлық мұралардағы белгілі бір ұстанымдар арқылы ұлттық сананың қалыптасуына ықпал ету болып отыр. Нақтырақ айтқанда, эпостық жырлардағы

«батыр бейнесі» арқылы көрсетілетін «Отанын сүю», «Отанын қорғау», «Ата-ана мен туған-туыстарды қадірлеу», «Адалдық» т.б. ұстанымдардың қалыптасуына бағыттау.

Мұндағы «ұстаным» – адамның өзіне, айналасындағы басқа да адамдарға қатынасының орныққан жүйесі ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ эпостық жырлар мәтіндеріндегі ұлттық кодты негіз етіп алу мен оны бүгінгімен сәйкестендірудің де тәжірибиелік маңызы да зор болмақ.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Жасампаз ұлттың рухани өнегесі оның тарихынан тамыр тартады. Жаңа мемлекеттің ең маңызды ерекшелігі ұлттық тарихы мен өнегелі тарихы арқылы ұрпағына тәрбие беруінде жатыр, оның басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу» – деген болатын (Назарбаев, 2017:12:04). Демек, ұлттық код дегеніміз – ұлтымызға тән барлық асыл қасиеттер. Осы асыл қасиеттерді жастардың бойына рухани дүниелер арқылы сіңірудің маңыздылығы зор болмақ.

Адамзат баласының қолымен жасалған ең ірі әлеуметтік, мәдени, экономикалық және т.б. бағыт-бағдарын, ғасырлар бойы терең тарихын, рухани жаңғыруын халық тілінде сақтау арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді қамтиды. Ұлттық тілдің үздіксіз әрекетінің күші мен қуатына қарай жас ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс тани бастайды. Осы күрделі іргелі тіл білімінің аясында ұлттық мәдениеттің қайнар көзі ретіндегі тәрбиелік мәнін түсінген халық ұлт тілінде сөйлеп, тәрбие береді. Ұлттық тілдің табиғатын шынайы тану үшін тілдің заңдылықтарын ғана емес, сол этностың сан ғасырлық тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, дәстүрлі пікірлерімен тікелей байланысты түбірлерін де білу қажет. Сондықтан да халықтың дүниетанымы, мәдениеті, идеясы, тарихымен бірге ұлттық тіл болып саналады.

Жалпы батырлық эпостан сол халықтың басынан кешкен сан алуан тарихи өмірін тұтастай көруге болады. Онда халықтың ғасырлар бойғы мақсат-мүдделері, арман-тілегі көрінеді. Сондықтан эпостық жырлар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрлі жыр, жатқа айтылу арқылы заманнан заманға ұласқан мұра.

Батырлар жырының поэтикалық тілі теңеу мен айшықты өрнектерге толы. Эпостық мәтіндерде оқиғалар мен бейнелерді суреттеу, астарлы сөздер мен түрлі теңеу сөздерді қолдану көбінесе қазақ көркем тілінің ұлттық сипа-

тын көрсетеді. Қазақ ұлтының көркем тілінің қолданысын бүгінгі ұрпаққа түсіндіре отырып, мақтаныш сезімін тудыруға да ықпал етуіміз қажет.

Тілдік бейнелер әр тілде адамдардың санасында жасалады және бұл таңбалар әрқашан көрініп тұрады. Эпостық мәтіндерде іс-әрекетті суреттей сипаттап, астарлап айту мен теңеулердің жиі қолданысы сынды белгілер қазақ көркем тілінің ұлттық сипатын танытады. Мысалы, бейнелер, символдар түстермен, жануарлармен, сандармен, т.б. байланысты әр түрлі тілдерде әлем тілдерінің бәрінде ортақ құбылыс ретінде танылады. Бұл ортақ факторлар тілге ғана емес, қоршаған ортаға, табиғатқа, қоғамға, адамдардың өмір сүру салтына да қатысты. Экологиялық мақсаттар мен нақты, маңызды әлеуметтік жағдайлар осы тілдерде, соның ішінде бейнелі сипаттауда көрініс табады.

### Материал және әдістер

Бүгінде жаһанданудағы коммуникация мен ақпаратқа еркін қол жеткізу жағдайында адамның мүмкіндіктері бірден кеңейіп, соған сәйкес тұлғаны зерттеу мәселесіне деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Жеке тұлғаның эволюциялық өсуі айқын болды, оның қандай да бір ғылыми пәнге байланысты ғылыми зерттеу нысаны ретінде маңыздылығы өзгере бастады. Зерттеудің басым нысаны ретіндегі «тұлға» ұғымын психология, философия, мәдениеттану, тіл білімі, әдебиет және басқа да бірқатар ғылым салаларынан кездестіруге болады.

Тіл – тілдік тұлға санасында өмір сүреді. Тіл бірліктерінің адам санасында берілуі мен қызмет ету механизмін нақты анықтамай тіл туралы, оның ұлттық ерекшелігі туралы тұжырымдалған пікірді айту қиын. Ұлттық ойлаудың тілдегі бейнесін жекелеген сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінің қатарымен шектеуге болмайтындығы түсінікті. Адамның шынайы дүниені қабылдауы оның менталды немесе санасында бар ұғым жүйесімен анықталады, ал менталды жүйе тілдің және мәдениеттің ықпалымен өзгеруі мүмкін. Әр ұлттың өз тарихы, ешкімге ұқсамайтын өз тәжірибесі болатындықтан, барлық ұлттың менталды дүниесі бір-бірімен сәйкес келмейді.

Ал «сана» қоғамдық феномен ретінде адам миының іс-әрекетінің өнімі болып табылады. Қоғамдық тарихи даму процесі кезінде пайда болатын идеялар, көзқарастар, қатынастар са-

нада қаланып, адамның психикасының жекелеген қасиеті ретінде тіршілік етеді. Адам санасы мен параллельді сипатта тіл дамуы орын алуда. Қазіргі замандағы шетелдік психолінгвистика адам санасы мәселесіне үлкен мән беріп отыр.

Ұлттық сананың қалыптасуы ұлттық мінезбен тікелей байланысты екені белгілі. Қазақ халқының ұлттық мінез көрінісі сөйлеуі арқылы көрініс беріп жатады. Лингвомәдениеттанудың басты мәселелерінің бірі – мәдени ұғым, ұлттық мінездің мәдени көрінісі. Осы тұрғыдан қазақ халқының ерекше қасиеттерін айта кету орынды.

Біріншіден, қазақтар бір-бірімен үнемі сырласып, бауырмалдық танытып, әрқашан өзгерлерге қамқоршы бола білген, сөзге тоқталған. Әркімнің жағдайын түсінуге уақыт бөліп, сырласа білген. Әңгімелескенде үнемі негізгі мәселені шешуде ортақ келісімнің түйінін іздеген, сөзден іске көшкен. Әр уақытта қазақ тұрмысын аралап, мінез-құлқы туралы түсінікке ие болған келушілер қазақ халқының «бай сөздік» қорына ерекше қызығушылықпен қараған. Қазақтар сөйлегенде әр сөзін тыңдап, ойланып сөйлейді. Сөзге мән беріп, үнемі дем беріп отыратын. Сондықтан дәлелмен сөйлеп, дұрыс жол көрсеткен, түзу айтатын жанды қатты сыйлаған.

Екіншіден, қазақтар қойылған сұраққа бірден жауап бермеген. Естімеген, түсінбеген адамдай көп жағдайда үнсіз қалған. Тіпті сырын білмеген адамдар естіген жоқ, тыңдаған жоқ деп мән бермеген. Шын мәнінде олай емес, әрбір айтылған сөзді бақылап, ойланып әрекет жасап үйренген.

Үшіншіден, қазақтар сабырлы, мейірімді халық. Көңілі түссе әңгімелесуден жалықпаған. Әр нәрсеге ерекше мән беріп, сабырлықпен соңын тосқан. Жер қозғалса да қозғалмайтын сабырлық қазақ халқының өзіне тән негізгі ерекшеліктерінің бірі.

«Қазақ халқы ниеті түзу, ақкөңіл, басқаның басындағы қайғыны бөлісуге асығып, қолынан келсе көмегін аямайтын мейірімді, қонақжай, әдет-ғұрыпқа берік, өзгенің дертін бөлісе білетін сабырлы, жетім-жесірді құрметтей отырып мейлінше тату-тәтті өмір сүргенді қалайтын, басқа көшпелі халықтар сияқты кек сақтамай мейлінше тату өмір сүріп, меймандостықты ерекше қасиет деп бағалаған» – деп жазған қазақ жерінде жұмыс атқарған зерттеуші-дәрігер Н.Л.Зеланд. Ол қазақтардың бұл мінезі жайлы 1885 жылы Омбыда жарияланған «Киргизы» атты еңбегінде жазады (Кішібеков, 1999:45).

Әлеуметтанушылар жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде ұстанымды атап көрсетеді.

Ал психологтар ұстаным ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады.

Біртұтас педагогикалық үрдістің ұстанымдары (педагогика) – біртұтас педагогика үрдістегі өзара ара қатынастың сипаты мен құралдарын, әдістерін, түрлерін, мазмұнын анықтайтын бастапқы қағидалар, жетекші идеялар, үрдісті ұйымдастыру мен өткізудің нормативті талаптар. Бар үрдісті реттейтін нормалар, ережелер, жалпы қағидалар сипатында көрінеді.

Бүгінгі жас ұрпақтың тілі, дүниетанымы, мәдениеті, әдебиеті негіз болатын ұлттық дүниелерді қалыптастыруда жаңа технологиялық мүмкіндіктер де назарға алынып отырғаны айқын. Оның бірден-бір көрінісі ретінде Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар, Едіге, Ер Қосай, Қарасай Қази т.б сынды батырлар жырының аудиодискісінің жарыққа шығуы құптарлық дүние. Мұндай мүмкіндіктер батырлар жырын оқыту мен ұлттық дүниетанымды танытуда маңызды болмақ ([https://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Literat/Index\\_Lit.php](https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Literat/Index_Lit.php)).

Сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында да батырлар жырын жатқа оқу сынды білім бәйгелерінің ұйымдастырылуы да болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды болары сөзсіз.

Тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде ұлттық танымға негізделген тың зерттеулер тіл табиғатын ұлттық тарих пен таным тұрғысынан қарастырудың қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетеді. Бұл бағыттағы еңбектер ұлттың болмыс-бітімінің қайталанбас ерекшеліктерін, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын сипаттап, түптеп келгенде тіл мен ұлттың бір-бірімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Сонымен қазақ тіл білімі тарихи-мәдени тіл біліміне негізделген лингвистикадан өзгеше тіл мен ұлттың тығыз байланысын, тілдік дүниетанымның негізін, тілдік бірлігін және тілдің сан алуан аспектілерін тың зерттеулермен толықтыруда. Бұл салада әлі де мол зерттеулер жүргізілетіне сенімдіміз.

### Әдебиетке шолу

Қазақ әдебиетіндегі зерттеушілер қатары қазақ эпосының көне замандардан, орхон жазбаларының бұрын сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бастау алатындығын баса айтады. Бұл ойлар Ә.Марғұлан мен Ә.Қоңыратбаев сынды ғалымдар еңбектерінде көрініс береді (Марғұлан, 1972:35), (Қоңыратбаев, 1975:87). Ал тіл білімінде ғалым Р.Сыздықова зерттеулерінде де батырлық жыр-

ларда қолданылатын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдар турасында талдауларын көрсете отырып, қазақтың ауыз әдебиетінің тілі- қазақ әдеби тілінің басты арналарының бірі екендігін түсіндіруінде болды (Сыздықова, 1993:125).

Орыс халқының батырлық былиналары, украин елінің сазды, мұңды «халық думалары», эстон халқының «Калевала» эпосы, Орта Азия халықтары мен қазақ, азербайжан арасына кең тараған «Көрөғлы» эпосы, армяндардың әйгілі «Давид Сасунский» мен грузин халқының «Амирани», «Этериани» дастандары, буряттардың «Гэсері», қалмақтың «Джангары», қырғыздың «Манасы» т.б. басқа да халықтардың басым көпшілігінде кездесетін керемет батырлық жырлар мен қаһармандық аңыз-әңгімелері қалың қауымның сан ғасырлар бойы жасап, сақтап келе жатқан мәңгі жасайтын рухани туындысы, баға жетпес байлығы.

Жалпы батырлық эпостан сол халықтың басынан кешірген сан алуан тарихи өмірін тұтастай көруге болады. Онда халықтың ғасырлар бойғы мұрат-мүдделер мен арман-мақсаттары бейнеледі. Бұл жырлардан халықтың қаһармандық, ерлік қасиеттері, туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілік, махаббат пен достық тақырыбы айқын көрініп отырады. Әрбір эпостың негізгі кейіпкерінен хас батырдың бойынан адалдық, батылдық қасиеттер байқалса, бүгінгінің жастары осындай кейіпкерлердің қасиеттерін бойына сіңіре білсе нұр үстіне нұр болар еді. Әр кезде өмір сүрген батырлардың ерліктері халық эпосының өзегі болды. Олар терең идея мен мазмұнды мағына берді. Сөйтіп эпостағы халық батырының қаһармандық сом тұлғасын жасады. Бұл барлық халықтардың эпосына тән.

Осындай мол мұралар фольклортану деп аталатын ғылымның да еншісінде әртүрлі бағыттарда қарастырылып келеді. Фольклортану ғылымының соңғы кезеңдегі даму сипатына зер салсақ, оның зерттеу аясының анағұрлым кеңейгендігін байқауға болады. Ол заңды құбылыс болары сөзсіз. Фолклористика өз ішінде жанрлық түрлерге сараланғанымен халықтың ежелгі дүниетанымымен тамырлас екені белгілі. Сондықтан фольклор табиғатын әдебиеттану мен лингвистикадан да өзге музыкада, философияда, этнопедагогикада қарастыру өзара үндестікті байқатады.

Мақалада зерттеу нысанына қатысты эпостық мұралардың бүгінгі ғылымдағы зерттелу аясынан тыс қалған емес. Әр кезеңде ғалымдар

эпостық жырлар турасында түрлі көзқарастары мен тұжырымдарын білдіріп отырды. Олардың қатары, батырлық ертегісі қаһармандық эпостың негізі деген пікірлермен толығады (Мелетинский, 2004:230). Эпос пен батырлық ертегінің жалпы зерттеу концепцияларында эпостың формасына қарай бөлінуі де сараланған (Райхл, 2008:65). Эпикалық істердегі «ерлік сипаты», «батырлық мінез» сынды жеке тұлға туралы тұжырымдар берілген (Боура, 2002:243). Эпос тарихнамасы да көптеген еңбектердің зерттеу нысанынан көрінеді (Пропп, 1958:47), Ногайская эпическая поэма еңбегінде ноғай халқының батырлар поэмалары талданады (Эдиге, 2016:54).

Батырлық эпос мәтіндеріне салыстырмалы талдау мен батырлық эпостардағы тілдік тұлға мәселелерін қарастырған ғылыми еңбектермен қатар (Воробьева, 2015:28) зерттеу тақырыбы аясында мол деректер беретін когнитивті лингвистика мәселелерін негізгі нысан етіп алған Э.Н.Оразалиеваның «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» (Оразалиева: 2007:65), В.А.Маслова «Когнитивная лингвистика (Маслова: 2004:98), Т.Н. Ushakova «Origins of language in infants. Abstract at the XXVII International Congress of Psychologists» (Ushakova, 2000:43), М. Robbins «Consciousness, Language, and Self. Psychoanalytic, Linguistic, and Anthropological Explorations of the Dual Nature of Mind» (Robbins, 2018:124), G. Weihsin «National Consciousness and Literary Cosmopolitics» (Weihsin, 2013:243) зерттеулерін атауға болады.

Тілдің қалыптасуы мен дамуы қоғаммен тығыз байланысты, сондықтан тілдің лингвистикалық қырын кезең кезеңмен зерделеу саяси-әлеуметтік, ұлттық-мәдени алғышарттарына тарихи тұрғыдан баға беруден басталады. Қоршаған орта мен этникалық қауымдастықтың кең ұғымды екенін ескерсек, адам санасында пайда болатын сан алуан мағыналық бірліктердің даму тенденциясын, екінші жағынан әлеуметтік өзгерістерді көрсетері анық. Тіл білімі зерттеудің жалпы және арнайы заңдылықтарын басқа ғылыми ұстанымдармен үйлестіру арқылы ғана дәлелді қорытындылар жасай алатындықтан, оның барлық тараулары күрделі ішкі байланыстары практикалық қолдануда нәтижелі болмақ.

### Нәтижелер мен талқылау

Батырлық жырлар мәтіндерінің берілу ерекшелігі де өзіндік сипаттарға ие. Әрі эпос мәтіндерінің тілдік, когнитивтік сипаты тұрғысындағы

зерттеу еңбектер қатарының болуы да жыр мәтіндерін оқту мен танытуда ықпалы зор болмақ. Мәселен, эпостық мәтіндердегі монологтың немесе жаңа оқиға желісінің басталуы да ерекше стереотиптер арқылы (ерлер мінер алаға, көңілім толы санаға, жалқы ішінде алады т.б.) назар аудартады.

Батырлар жырларында «қызылбас», «ындыс», «қалмақ» деген атаулар қатар, бірінің орнына бірі айтыла береді. Олар көбінесе «сырт елдің шапқыншы жау әскерлері» деген мағынада қолданылады. Бағамдап қарасақ, батырлар жырында тек қана өзара қақтығыс-соғыс, шайқастар ғана емес, елдің бейбіт тұрмысы, әдет-ғұрпы, әсем табиғаты да көрініс береді. Батыр мен оның дос-жарандары туған-туыс арасындағы сан алуан қарым-қатынастар да суреттеледі. Эпостық жырлардағы батыр бейнесі ол әрқашан өз отанын, елін сүйетін, елі үшін жанын аямайтын, жақсылыққа жаны құмар, ізгі жан ретінде беріледі. Алайда ондағы батыр жауына қанша қатал болғанымен, ел-жұртына, отбасына соншалықты мейірімді, аңғал жан.

Эпостық жыр мәтіндерінде міндетті түрде үлкенді сыйлау, сөзге құлақ түру, тыңдау, батырға тән аңғалдық анық көрінеді. Тіпті жауымен жекпе-жек соғысар алдында батыр жасын құрметтеу, үлкенді сыйлау дәстүрін ұмытпайды. Батырлар жырында ежелден келе жатқан жөнжосықтар, әдет-салттар, халықтың энциклопедиялық тұрмыс заңдары, дәстүрлері молынан жырланып осы кезге дейін сақталып келген ұлттық код болып есептеледі.

Эпостық жырларда ұлттық кодтың бір ізі «батырдың жансерігі – атымен» тікелей байланысты. Атқа міну мәдениеті, аттың батырдың жан серігіне айналуының көрінісі (Қобыланды батыр – Тайбурыл, Алпамыс батыр – Байшұбар, Қамбар батыр – Қарақасқа т.б.) ұлттық кодтың тамаша феномені бола алады. Эпос мәтіндерінде батырдың атының ұзақ жолда «жансерігі» бола білуі өзіндік бір тамаша жолдармен айшықтала суреттеледі. Қазақ халқының өткен кезеңіндегі негізгі тіршілігі малға, мал өсіретін кеңістік пен табиғатпен тікелей байланысты болғандықтан батырлық жырлардағы негізгі образдар да жүйрік ат, нар бота, қой, қозы атаулармен тығыз байланысты. Тіпті тіршілік тынысы тікелей жылқы малымен байланыстылығы, жылқының төрт түліктің бірі екендігін, айшылық алыс жерлерге шыққанда жылқының адал дос, серік бола білетіндігі (жан серігің Бурылды), берген сертте тұруы (уағадаңыз солай ма?), жылқы

малының киесі сынды қасиеттерді бүгінгі жастарға бағдар ретінде бере отырып, тұлға санасында малдың киелі екенін атып отыру қажет. Бұдан өзге де атқа міну дәстүрі мен оның түрлі сипаты (денсаулыққа) туралы насихаттау маңызды.

Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты келесі бір мақаласында да «Атқа міну мәдениеті» жер жүзіне Ұлы даладан тарағандығын айтады.

Ол эпостық шығармалар тілінде былайша суреттеледі:

Алты жасқа келгенде,  
Қазынадан қамқа киеді.  
Өзімнің еншім болсын деп,  
Тобылғы менді торы атты,  
Енші қылып мінеді.  
Қобыландының тілегін,  
Бүкіл Қыпшақ тіледі  
(*Ақсауыт. Батырлар жыры, 1977: 16*)

Берілген жолдардағы алты жасар Қобыландының қамқа киюі, еншілеп жеке ат таңдауы, халқының оған тілекші болуы сынды кезеңдері бала тәрбиесіндегі ұлттық кодтың тамаша бір көрінісі. Эпостық шығармаларда «батыр бейнесі» қыран құсқа, арыстанға, ақ сұңқарға теңеп жырлау арқылы бейнеледі. Сонымен қатар ауыз әдебиетіне тән көркемдеуіш-бейнелеуіш тәсілдердің бірі ретінде қолданылады. Мұндай тұрақтанған, қалыпқа түскен формулалар жырлардың барлығында дерлік кездеседі десе болады. Мәселен, буырқанды, бұрсанды, мұздай темір таянды, қарымсаққа қол салды, бір салғанда мол салды, бірнеше күн жол жүріп, кірпігіне мұз тоңып, қоңыраулы найза қолға алды т.б. тұрақты тіркестерді айқын аңғаруға болады.

Алпамыс батыр жырындағы мына бір тұсында «Алпамыс бейнесі» арқылы оның артта қалған ел-ата-анасын, туған-туысын ойлап қамығуы көрінеді.

Ат қойып жалғыз барсам деп,  
Жазым болып қалсам деп,  
Артында көмек жоқтығы,  
Ойына ердің келеді.  
Жад қылып әуел алланы,  
Тапсырды Шұбар аланы.  
Көретұғын күн қайда,  
Ата менен ананы!  
(*Ақсауыт. Батырлар жыры, 1977: 186*)

Ал «Ер Тарғын» жырындағы батыр Тарғынның елі, жері үшін атойлап алға шыққан сәті:

Тарғын сынды батырын,  
Қайтарын жұрттың біледі.  
Алладан пәрмен тіледі,  
Құйысқанын қысқартып,  
Екі айылын берік тартып,  
Енді атына мінеді.  
Жалғыздың жары құдай деп  
Сарала туы салбырап,  
Шапты батыр тебініп  
(*Ақсауыт. Батырлар жыры, 1977: 272*)

Батырлар жыры сюжеттерінің барлығында дерлік көрініс беретін Алпамыстың ата-ана, қарындасын ойлап қамығуы, Тарғынның елі-жері үшін жанын қиып алға ұмтылуы, ал Қамбар батырдың аң аулап айналасындағы отырған ел-жұрттың асыруы, қамқоршы болуы сынды тұстары бүгінгі жас ұрпаққа белгілі бір ұстанымдар қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл дегеніміз – жастардың дүниетанымын, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағдарлау, яғни, білім мазмұнын ұлттық-мәдени құндылықтармен, халықтың асыл мұраларымен байыта отырып, білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру, сонымен қатар тұлғаның ой-ұшқырлығын, шығармашылдық пен жасампаздық қабілеттерін дамыту арқылы алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға дайындау.

Кез-келген тілде халық санасында қалыптасқан символдары жөнінде жоғарыда атап өткен болатынбыз, олар тек тілімізде ғана емес, адамдардың қоршаған ортасымен, табиғатпен, қоғаммен, өмір сүру тіршілігімен де тікелей байланысты болады десек, осы ретте Қобыланды батыр жырынан мынадай үзінді келсек:

Өлейін десе, жан тәтті,  
Кірейін десе көр қатты,  
Қырық мың әскер қол алып,  
Қайырын сұрап сапардың  
Қызылбасқа жол тартты  
(*Ақсауыт. Батырлар жыры, 1977: 29*)

Жалпы эпостық жырлардың кездесетін «сүйекке таңба салу» тіркесінің маңызы мен қолданысы қазақ халқы үшін ерекше болғаны белгілі. Батырлар жырының кез-келген мәтіндерінде кездесетін символдар сол кезеңдегі халықтың өмір сүру ортасы мен өмірдің нақты саяси-әлеуметтік және мәдени, материалдық жағдайларын бейнелейді.

### Қорытынды

Қазақ халқының өмір сүрген ортасын, өмір сүруінде пана болған табиғатын, тұрмыс-

тіршілігін, адамдар арасындағы қарым-қатынасын, елдің басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерін, халықтың ата кәсібін өмір сүру негізі ретінде қарастырып шындыққа негіздеп дастандар жазды. Қазақ халқының жүрегінен шыққан өлеңдер, әндер, күйлер айналадағы табиғатпен үндесіп, ұрпағының зердесін сәулендірді, көкірегі дәулет пен дарынға толы бұл ғажайыптарды ұрпақтарының даналығымен нұрланған киелі дүниесіндей аялап, мәңгілік мұра етіп қалдырды. Міне, осыншама мол дүниені тек тіл мен ауыз әдебиетінде ғана сақтап, келер ұрпақтың жадына жеткізген күдіретті дүние тіл білімінде тілдің коммуникативтік қызметімен түсіндіріледі. Халықтың тұтастай болмыс-бейнесі оның тілі мен ұрпағының зердесінде сақталады, әрі туған елі мен төл мәдениетінде ғана биікке көтерілері сөзсіз. Сондай мұраның бірі – батырлар жыры.

Батырлар жырының тілі бейнелі, сөздер мен тіркестерге де аса бай. Қазақ әдеби тілінің этникалық ерекшеліктерінің бірі – теңеу. Ортақ бейнелік тіл қолданыстары қазақ тілінде тек әдеби тілде ғана емес, ауызекі сөйлеуге де тән. Мұны сөздік қордағы сөз тіркестері арқылы атауларға қарап растауға болады. Заттарды, құбылыстарды, іс-әрекеттерді суреттеу, теңеу, салыстыру сияқты таңбалар қазақ көркем тілінің ұлттық ерекшелігі болып табылады. Сондықтан батырлар жырларында халық тілінің сөздік қоры ерекше мол.

Жырдағы теңеулер мен эпитеттер заттар мен құбылыстарды айқындауда, мінездеуде, әр алуан іс-әрекеттерді, табиғат көріністерін суреттеуде қолданылады. Қолданған теңеулерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсіптері көрініс беріп отыратынын көрсеттік. Қазақ халқының тұрмысынан хабар беретін теңеулер өте мол. Жырдағы қай теңеуді алсақ та, онда құрғақ қиялдан туған көңілге қонымсыз, ақылға сиымсыз, анық емес сипат – белгісі жоқ сурет-бейнелер емес, ақиқат өмірмен, күнделікті тұрмыспен жалғастығы мол әсем суреттеулер.

Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйренбей, өнеге тұтпай жастарды ізгілік пен парасаттылыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан да ұлттық тәрбиені ұрпақ бойын сіңіруде фольклорлық мұралардың маңызы зор. Олар осындай шығармалар арқылы халқымыздың этностық ерекшелігін танытандықтан жастарға батырлар жырын оқыту арқылы ұлттық тәрбиені сіңірудің маңызы зор деп

білеміз. Соған орай бірнеше тұжырымдар жасауға болады:

– Ұлттық дүниетанымды қалыптастыратын және бүкіл тарих пен мәдениетті көзге көрсетіп сендіре алатын эпостық жырлар, дастандар ұлттың рухани мәдениетінің негізі тірегі. Адамдар өздерінің сенгісі келетін бейнеге ене отырып, жырлардағы кейіпкерлердің адамшылығын көрсете алды.

– Бүгінгі таңда ұлттық тілді дамытып, тануға басымдық берілуде. Әрбір тың зерттеулер тілдің нақты ерекшеліктері мен замануи заңдылықтарды негізге ала отырып сипатталады. Тіл мен ойдың бірлігіне жету жолында міндетті түрде ескерілетін басты нәрселердің бірі – тіл мен оның дүниетанымдық қыры. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілін тәуелсіз

тіл ретінде халықаралық деңгейде мойындату маңызды. Эпос тақырыбы алуан түрлі, контексті кең, ұзаққа созылатын және басқа әдеби шығармалармен салыстырғанда оны «өмірден де үлкен» етіп көрсететін әртүрлі сипаттары бары басым.

– Басқа халықтар сияқты қазақ эпостары да халқымыздың ғасырлар бойғы басынан өткізген әлеуметтік-тарихи жағдай мен тарихи оқиғалардың, елдің ерлік, елдік салтын, әдет-ғұрпын, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынасы болып қала береді. Әрі мұндай рухани құндылықтардың болашақ жастардың, келешек ұрпақтың санасының берік орнығуына ықпалы мол болмақ. Осыған орай рухани құндылықтарды толық қайта бағалау өскелең ұрпақ арасында ұлттық бірегейлікті жаңғыртуды қажет етеді.

### Әдебиеттер

- Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – 365 б.
- Боура С. М. Героическая поэзия / Пер. с. англ. Н. П. Гринцера, И. В. Ершовой. М.: Нов. лит. обозрение, 2002. – 791 с.
- Воробьева О.Ю. Концептуализация языковой личностью природных явлений: на материале английского, немецкого и русского героического эпоса //диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Москва, 2018. – 158 с.
- Ushakova T. N. Origins of language in infants. Abstract at the XXVII International Congress of Psychologists – Stockholm, 2000. – 163 p.
- Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
- Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 110б.
- Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: Ғылым, 1972. – 164 б.
- Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие/ В.А. Маслова. Минск: Тетра Системс, 2004. – 256 с.
- Margaret A. Majumdar Postcoloniality: The French Dimension. – Copyright Date: 2007.– 336 p.
- Мелетинский Е. М. Поэтика мифа. –М.: ГРВЛ, 2004. – 407 с.
- Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. <https://www.baq.kz> (жарияланған күні: 21.11.2018).
- Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://www.akorda.kz> (жарияланған күні: 12.04.2017).
- Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
- Пропп В. Я. Русский героический эпос. 2-е изд. – М.: Гос. изд-во худож. лит-ры, 1958. – 603 с.
- Райхл К. Тюркский эпос: традиции, формы, поэтическая структура. М.: Вост. лит., 2008. – 383 с.
- Robbins M. Consciousness, Language, and Self. Psychoanalytic, Linguistic, and Anthropological Explorations of the Dual Nature of Mind. – Copyright Year, 2018. – 187 p.
- Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV- XVIII ғасырлар) – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- Эдиге С. Ногайская эпическая поэма. – М.: Наука, 2016. – 512 с.
- Язык и национальное сознание Научное издание. Вып.4 – Воронеж, 2003. – 272 с.
- Weihsin G. National Consciousness and Literary Cosmopolitics. – The Ohio State University Press, 2013. – 236 p. [https://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Literat/Index\\_Lit.php](https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Literat/Index_Lit.php)

### References

- Aqsawit. (1977) Batırlar jırı. Eki tomdıq [Song of heroes. Two volumes] – Almatı: Jazwşı:1977. – 365 b.
- Boura S. M. (2002) Geroicheseskaya poeziya / Per. s. angl. N. P. Grincera, I. V. Ershovoj [Heroic poetry / Per. With. English N. P. Grintser, I. V. Ershova] M.: Nov. lit. obozrenie, 2002. – 791 s. (in Russian)
- Vorob'eva O.YU.(2018) Konceptualizaciya yazykovoj lichnost'yu prirodnyh yavlenij: na materiale anglijskogo, nemecskogo i russkogo geriocheskogo eposa //dissertaciya na sosikanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Conceptualization of Natural Phenomena by a Linguistic Personality: Based on the Material of the English, German and Russian Heroic Epos.] – Moskva, 2018. – 158 s. (in Russian)



- Ushakova T. N. Origins of language in infants. Abstract at the XXVII International Congress of Psychologists – Stockholm, 2000. – 163 p.
- Kishibekov D.(1999) Kazak mentaliteti:keshe, bygin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow] – Almaty: Gylym,1999. – 200 b.
- Konyratbaev A.(1975) Epos zhəne onyn ajtushylary [The epic and its narrators.] – Almaty: ZHazyshy,1975. –110b.
- Maslova V.A.(2004) Kognitivnaya lingvistika: Uchebnoe posobie [Cognitive Linguistics: Study Guide]/ V.A. Maslova. Minsk: Tetra Sistems, 2004. – 256 s. (in Russian)
- Margaret A. Majumdar Postcoloniality: The French Dimension. – Copyright Date: 2007. – 336 p.
- Meletinskij E. M.(2004) Poetika mifa.[Poetics of myth.] –M.: GRVL, 2004. – 407 s. (in Russian)
- Marǵylan Ə.(1972) SHokan zhəne Manas [Shokan and Manas]. – Almaty: Fylym,1972. –164 b
- Nazarbaev N.(2018) Yly dalanyn zheti kyry [Seven aspects of the great steppe] 2018. 21 karasha <https://www.baq.kz> (data obrashcheniya: 21.11.2018).
- Nazarbaev N.(2017) Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Orientation to the future: spiritual renewal] 2017.12 sauir. <https://www.akorda.kz> (data obrashcheniya: 02.04.2017)
- Orazalieva E.N.(2007) Kognitivtik lingvistika: kalyptasuy men damuy. Gylymi monografiya [Cognitive linguistics: formation and development. Scientific monograph] – Almaty: An Arys, 2007. – 312 b.
- Propp V. YA.(1958) Russkij geroicheskij epos. 2-e izd [Russian heroic epic. 2nd ed]. – M.: Gos. izd-vo hudozh. lit-ry, 1958. – 603 s. (in Russian)
- Rajhl K. (2008) Tyurkskij epos: tradicii, formy, poeticheskaya struktura.[Turkic epic: traditions, forms, poetic structure] M.: Vost. lit., 2008. – 383 s.
- Robbins M. Consciousness, Language, and Self. Psychoanalytic,Linguistic,and Anthropological Explorations of the Dual Nature of Mind. – Copyright Year, 2018. –187 p.
- Syzdykova R.(1993) Kazak ədebi tilinin tarihy (XV- XVIII ƚasyrlar) [History of the Kazakh literary language (XV-XVIII centuries)] –Almaty: Ana tili,1993. –320 b.
- Edige S.(2016) Nogajskaya epicheskaya poema [Nogai epic poem] – M.: Nauka, 2016. – 512 s. (in Russian)
- Yazyk i nacional'noe soznanie Nauchnoe izdanie. Vyp.4 (2003) [Language and national consciousness Scientific publication. Issue 4] – Voronezh, 2003. – 272 s. (in Russian)
- Weihsin G. National Consciousness and Literary Cosmopolitics. – The Ohio State Universiti Press, 2013. – 236 p. [https://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Literat/Index\\_Lit.php](https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Literat/Index_Lit.php)